



Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 26 наурыздағы № 272-VIII ҚРЗ

2023 жылғы 4 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты және 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартты негізге ала отырып,

мүше мемлекеттерде қолданылатын тауарлардың шығарылған жерін растау жүйесін жетілдіру және дамыту қажеттілігін мойындай отырып,

жариялылық және сыртқы сауда қызметіне қатысушыларды кемсітпеу қағидаттарын негізге ала отырып,

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындау, куәландыру және растау саласында бірыңғай тәсілдерді қолдануды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, халықаралық сауданың жалпыға бірдей танылған қағидаларын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жалпы ережелер

Тауарларды Одақтың кедендік аумағынан әкету кезінде олардың шығарылған жерін айқындау, куәландыру және растау тәсілдерінің бірлігін қамтамасыз ету мақсатында Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі қолданылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"верификация" - тауардың шығарылған жері және (немесе) тауардың шығарылған жері туралы құжатта бар мәліметтердің анықтығы туралы сертификаттың төлнұсқалығын анықтау;

"верификациялаушы орган" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес верификацияны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің органы;

"тауардың шығарылған жері туралы декларация" - Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарға қатысы бар және тауарды Одақтың кедендік аумағынан әкетуге байланысты мүше мемлекеттің өндірушісі, сатушысы немесе жөнелтушісі мәлімдеген тауардың шығарылған жері туралы мәліметтерді қамтитын коммерциялық немесе кез келген басқа құжат;

"тауардың шығарылған жері туралы құжат" - тауардың шығарылған жері туралы декларация немесе тауардың шығарылған жері туралы сертификат;

"тауардың шығарылған жерін айқындау" - Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауардың шығарылған жерін анықтау мақсатында тауарды иеленуге, пайдалануға және (немесе) оған билік етуге құқығы бар тұлға немесе уәкілетті орган жасайтын әрекеттер жиынтығы және соларды жасаудың нәтижесінде осындай тұлға немесе уәкілетті орган тауарды нақты елден шығарылған деп таниды не болмаса мұндай тауардың шығарылған жерін айқындаудың мүмкін еместігін мойындайды;

"тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидалары" - тауарлардың шығарылған жерін айқындау тәртібі мен өлшемшарттарын, тауарлардың шығарылған жерін құжаттық растауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жеріне байланысты өзге де ережелерді белгілейтін нормалар жиынтығы;

"тауардың шығарылған жері туралы сертификат" - Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауардың шығарылған жерін куәландыратын және уәкілетті орган берген, белгіленген нысандағы құжат;

"үшінші ел" - Одаққа мүше болып табылмайтын ел (елдер тобы не елдердің кеден одағы не, егер тауарлардың шығарылған жерін айқындау мақсаттары үшін бөліп көрсету қажет болса, елдің өңірі немесе бір бөлігі);

"тауардың шығарылған жерін куәландыру" - уәкілетті орган тауардың шығарылған жерін куәландыру мақсатында тауардың шығарылған жерін айқындау қорытындыларын негізге ала отырып жасайтын және жасалу нәтижесі тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру болып табылатын әрекеттер;

"уәкілетті орган" - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар беруге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік органы немесе ұйымы.

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартта айқындалған мағынада қолданылады.

3-бап

Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидалары

1. Үшінші елдің аумағына әкеліну шенберінде Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін растау қажет болған кезде мұндай тауарлардың шығарылған жерін айқындау Одақтың осындай үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің осындай үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта немесе осындай үшінші елдің заңнамасында белгіленген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидалары болмаған немесе Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындауды жүзеге асыратын уәкілетті органның немесе тұлғаның иелігінде осындай қағидалар туралы ақпарат болмаған жағдайда, тауарлардың шығарылған жерін айқындау осы Келісімнің 5-бабында белгіленген тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Одақтың кедендік аумағынан әкету шенберінде мүше мемлекеттердің кеден органдарына Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін растау қажет болған кезде, осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес осындай тауарлардың шығарылған елін айқындау Еуразиялық экономикалық комиссия (Бұдан әрі - Комиссия) белгілейтін арнаулы қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

4-бап

Одақтың кедендік аумағынан әкету шенберінде Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін растау және жекелеген реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету

1. Одақтың кедендік аумағынан әкету шенберінде кедендік әкету баждары мен тарифтік емес реттеу шараларын (бұдан әрі - жекелеген реттеу шаралары) қолдану

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 29-бабының 2 және 3-тармақтарын ескере отырып, тауарлардың шығарылған жеріне байланысты болатын жағдайларда, Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жері расталады.

Осы бапты қолдану мақсаттары үшін мүше мемлекеттер 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 47-бабына сәйкес біржақты тәртіппен енгізетін мынадай тарифтік емес реттеу шаралары ғана қаралады:

- тауарларды әкетуге тыйым салу;
- тауарларды әкетудің сандық шектеулері;
- тауарларды әкетуге рұқсат беру тәртібі.

2. Өздеріне қатысты жекелеген реттеу шаралары қолданылатын тауарларға және соларға ұқсас тауарларға қатысты және осындай жекелеген реттеу шаралары қолданылатын кезеңде ғана осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарлардың шығарылған жерін растау қажет.

Бұл ретте Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының дәл осы кодымен сыныпталатын және өздеріне қатысты тауарлардың шығарылған жеріне байланысты жекелеген реттеу шаралары белгіленген тауарлар сияқты сипаттамасы бар тауарлар ұқсас тауарлар деп түсініледі.

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 27 және 29-топтарында сыныпталатын тауарларға қатысты осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарлардың шығарылған жерін растау талап етілмейді.

3. Жекелеген реттеу шарасын енгізетін мүше мемлекет алдын ала, бірақ ол енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей Комиссияны осындай шараның енгізілгені, оның қандай тауарларға қолданылатыны және оның қолданылу кезеңі туралы хабардар етеді. Хабарламаға мүше мемлекеттің соған сәйкес жекелеген реттеу шарасы енгізілетін нормативтік құқықтық актісінің көшірмесі қоса беріледі. Егер нормативтік құқықтық акт орыс тілінен өзге тілде жасалса, хабарламаға осындай нормативтік құқықтық актінің орыс тіліне аудармасы да қоса беріледі.

4. Комиссия жекелеген реттеу шараларының бірыңғай тізілімін жүргізеді және оны Одақтың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі (бұдан әрі - Интернет желісі) ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етеді. Көрсетілген тізілімнің нысанын Комиссия бекітеді.

Комиссия осы баптың 3-тармағында көзделген хабарламаның негізінде осындай хабарлама алынған күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей:

жекелеген реттеу шараларының бірыңғай тізілімін жаңартуды, сондай-ақ тиісті ақпаратты Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялауды қамтамасыз етеді;

Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарын, мүше мемлекеттердің уәкілетті және кеден органдарын

жекелеген реттеу шарасының енгізілгені, ол қолданылатын тауарлар және оның қолданылу кезеңі туралы жазбаша хабардар етеді.

5. Осы баптың ережелері үшінші елдің аумағына әкелу шеңберінде Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін растауға байланысты, Одақтың осындай үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің осындай үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта немесе осындай үшінші елдің заңнамасында белгіленген құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

6. Осы баптың ережелері осы Келісімнің 3-бабы 1-тармағының екінші абзацында белгіленген жағдайда, Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарларды үшінші елдің аумағына әкеліну шеңберінде олардың шығарылған жерін растауға байланысты құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

5-бап

Тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттары

1. Осы Келісімнің 3-бабы 1-тармағының екінші абзацында көрсетілген жағдайда тауарлардың шығарылған жерін айқындау кезінде осы бапта белгіленген өлшемшарттарға сай келетін тауар елден шығарылатын тауар деп танылады.

2. Елде толық алынған (толық өндірілген) тауарлар деп:

1) елдің жер қойнауынан, оның аумағында, оның аумақтық теңізінде (елдің өзге де су қоймасында) немесе оның түбінен не осындай елдің аумағындағы атмосфералық ауадан өндірілген пайдалы қазбалар, минералды өнімдер және өзге табиғи ресурстар;

2) елде өсірілген және (немесе) жиналған өсімдік тектес өнімдер;

3) елде туылған және (немесе) өсірілген (өскен) тірі жануарлар;

4) елде тірі жануарлардан алынған өнім;

5) елдегі аңшылық және балық аулау кәсіпшілігі нәтижесінде алынған өнім;

6) тіркелген және елдің туын көтертіп жүзетін кемемен елдің аумақтық теңізінен (суларынан) тыс жерде өндірілген (ауланған) теңіз балық аулау кәсіпшілігінің өнімі және теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі;

7) тіркелген және елдің туын көтеріп жүзетін қайта өңдеу кемесінің бортында осы тармақтың б) тармақшасында көрсетілген өнімнен ғана алынған немесе өндірілген өнім ;

8) елдің осы теңіз түбінің немесе осы теңіз жер қойнауының ресурстарын игеруге айрықша құқығы болған жағдайда, елдің аумақтық теңізінен (суларынан) тыс жердегі теңіз түбінен немесе теңіз жер қойнауынан алынған өнім;

9) елде қайта өңдеу жөніндегі өндірістік немесе өзге де операциялар немесе тұтыну нәтижесінде алынған қалдықтар мен сынықтар (қайталама шикізат);

10) елде жиналған, енді өзінің бастапқы функциясын орындай алмайтын және кәдеге жарату және (немесе) шикізатқа қайта өңдеу үшін ғана жарамды, бұрын пайдалануда болған өнімдер;

11) елде тіркелген (оның ішінде ол жалға алған) ғарыш аппараттарында ашық ғарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

12) ел аумағында өндірілген электр, жылу энергиясы және өзге де энергия түрлері;

13) елде осы тармақтың 1) - 12) тармақшаларында көрсетілген өнімнен ғана өндірілген тауарлар танылады.

3. Мүше мемлекеттерде және (немесе) үшінші елдерде шығарылатын тауарларды не шығарылған жері белгісіз тауарларды (бұдан әрі - шығарылмайтын тауарлар) пайдалана отырып өндірілген тауар аумағында мұндай тауар осы баптың 4-тармағында көрсетілгеннен басқа, өзге операцияларды жасауды көздейтін соңғы өңдеуден немесе қайта өңдеуден өткен мүше мемлекеттен шыққан деп танылады.

4. Егер мұндай шығарылмайтын тауарларға қатысты тауардың шығарылған жеріне әсер етпейтін тек қана мынадай операциялар:

1) сақтау және (немесе) тасымалдау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

2) тауарды сатуға және тасымалдауға дайындау (партияларды бөлу, жөнелтілімдерді қалыптастыру, сұрыптау, қайта қаптау) жөніндегі операциялар, қаптаманы бөлшектеу және құрастыру жөніндегі операциялар;

3) жуу, тазалау, шаңды кетіру;

4) елеуіштен немесе електен елеу, сұрыптау, сыныптау, іріктеу, таңдау (оның ішінде бұйымдардың жиынтығын жасау);

5) қарапайым құрастыру операциялары (жүзеге асырылуы мұндай операцияларды жүзеге асыру үшін арналған арнайы дағдыларды, машиналарды, аппараттарды немесе өзге де жабдықтарды талап етпейді) немесе тауарларды бөліктерге бөлшектеу;

6) осы тармақтың 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген екі немесе одан да көп операциялардың комбинациясы жүзеге асырылған жағдайда, шығарылмайтын тауарларды пайдалана отырып өндірілген тауар мүше мемлекеттен шыққан деп танылмайды.

5. Тауарлардың шығарылған жерін айқындау кезінде өндірісте пайдаланылуы мүмкін және тауар құрамына енгізілмейтін мынадай материалдардың шығарылған жері ескерілмейді:

1) отын, электр, жылу энергиясы және өзге де энергия түрлері;

2) құралдар, штамптар және қалыптар;

3) жабдықтар мен ғимараттарға техникалық қызмет көрсетуде пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен материалдар;

4) өндірісте немесе жабдықты ғимараттарды пайдалану кезінде қолданылатын жағармай материалдары, телімдер және басқа да материалдар;

5) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қолғап, көзілдірік, аяқкиім, киім, жабдық ;

6) тауарларды тестілеу немесе тексеру үшін пайдаланылатын жабдықтар, құрылғылар;

7) катализаторлар мен еріткіштер;

8) тауар құрамына енгізілмеген, бірақ оны өндіру кезінде пайдаланылуға өндірістік процестің бір бөлігі ретінде ұсынылуы мүмкін кез келген басқа материалдар.

6. Машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге пайдалануға арналған құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар және ақпараттық материалдар, егер мұндай құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер , құралдар мен ақпараттық материалдар техникалық құжаттамаға сәйкес әдетте осы құрылғылармен бірге берілетіндей жиынтықта және мөлшерде көрсетілген машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге әкетілсе және пайдаланылса, машиналар, жабдықтар, аппараттар немесе көлік құралдары сияқты бір елден шыққан деп саналады.

7. Салынған тауарлармен бірге берілетін қаптама мен ыдыс, мұндай қаптама мен ыдыс Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі қағидаларына сәйкес тауардан бөлек сыныпталуға тиіс жағдайларды қоспағанда, тауардың өзі сияқты бір елден шыққан болып есептеледі. Мұндай жағдайда қаптама мен ыдыстың шығарылған жері тауардың шығарылған жерінен бөлек айқындалады.

8. Егер осы бапта белгіленген тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттарын қолдану тауардың шығарылған жерін айқындауға мүмкіндік бермесе, оның шығарылған жері белгісіз болып саналады. Мұндай жағдайда уәкілетті орган мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауардың шығарылған жерін айқындаудың мүмкін еместігін растайтын құжат беруге құқылы.

6-бап

Уәкілетті органдар

1. Мүше мемлекет уәкілетті органдарды айқындайды.

Уәкілетті органдар Комиссияға мынадай мәліметтерді:

уәкілетті органның атауын;

уәкілетті органның мекенжайын (орналасқан жерін);

уәкілетті органның Интернет желісіндегі ресми сайтының мекенжайын;

уәкілетті органның байланыс телефондарын және электрондық поштасының мекенжайын ұсынады.

Көрсетілген мәліметтер Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялануға тиіс.

2. Уәкілетті органдар туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, осы уәкілетті органдар Комиссияға тиісті ақпаратты осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жібереді.

Комиссия Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтындағы уәкілетті органдар туралы мәліметтерді жаңартуды қамтамасыз етеді.

3. Егер Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта, Комиссияның шешімдерінде немесе аумағына тауарларды әкелу болжанатын үшінші елдің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті органдар тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарды беруді осы Келісімге № 1 қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

4. Кедендік операциялар жасауды оңайлату, экспортты қолдау және мүше мемлекеттерден шығарылатын және Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың үшінші елдің нарығына кіруіне жәрдемдесу мақсатында уәкілетті органдар электрондық верификация жүйелерін құрады. Электрондық верификация жүйесі үшінші елдің құзыретті мемлекеттік органының мүше мемлекетте берілген тауардың шығарылған жері туралы сертификаттардың электрондық дерекқорында қамтылған ақпарат негізінде тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру фактісін, сондай-ақ осындай сертификаттағы мәліметтердің кедендік декларациялау кезінде мәлімделген мәліметтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

5. Уәкілетті органдар тауарлардың шығарылған жерін айқындау мақсатында сараптама жүргізуді тағайындауға құқылы.

6. Егер мүше мемлекеттердің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тауарлардың шығарылған жерін куәландыру, сондай-ақ тауарлардың шығарылған жерін айқындау мақсатында сараптама жүргізу ақылы негізде жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті органдар тауарлардың шығарылған жерін куәландырудың құны туралы мәліметтерді Комиссияға жолдайды және олар Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялануға тиіс.

7-бап

Верификациялаушы органдар

1. Мүше мемлекет верификациялаушы органды айқындайды.
Верификациялаушы орган Комиссияға мынадай мәліметтерді:
верификациялаушы органның атауын;
верификациялаушы органның мекенжайын (орналасқан жерін);
верификациялаушы органның Интернет желісіндегі ресми сайтының мекенжайын;

верификациялаушы органның байланыс телефондарын және электрондық поштасының мекенжайын;

верификациялаушы органың тексерулер жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің байланыс деректерін ұсынады.

Көрсетілген мәліметтер Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялануға тиіс.

2. Верификациялаушы органдар туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, осы верификациялаушы органдар Комиссияға тиісті ақпаратты осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жолдайды.

Комиссия Одақтың Интернет желісіндегі ресми сайтында верификациялаушы органдар туралы мәліметтерді жаңартуды қамтамасыз етеді.

3. Үшінші елдің құзыретті мемлекеттік органының тексеру жүргізу туралы сұрау салуы верификациялаушы органның тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады.

4. Верификациялаушы орган өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес, оның ішінде сұрау салулар жіберу, өндірушінің өндірістік үй-жайларын инспекциялау және (немесе) тауарды өндірушінің, сатушының және (немесе) жөнелтушінің бухгалтерлік және (немесе) өзге де коммерциялық құжаттамасын тексеруді жүзеге асыру жолымен тексеруді жүзеге асырады.

5. Өздеріне қатысты верификациялаушы орган тексеруді жүзеге асыратын тауар өндірушілер, сатушылар, жөнелтушілер, уәкілетті органдар верификациялаушы органның талабы бойынша тексеруге қатысы бар ақпаратты беруге немесе мұндай ақпараттың беріле алмау немесе болмау себептерін түсіндіруге, сондай-ақ тексеруді жүргізуде верификациялаушы органға жәрдем көрсетуге міндетті.

6. Тексеру нәтижелері бойынша верификациялаушы орган тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру фактісі және (немесе) оның құқыққа сыйымдылығы немесе тауардың шығарылған жері туралы декларацияда мәлімделген мәліметтердің анықтығы туралы қорытынды дайындайды.

7. Верификациялаушы органның тауардың шығарылған жері туралы сертификатты берудің құқыққа сыйымсыздығы немесе өзіне қатысты тексеру жүргізілген тауардың шығарылған жері туралы декларацияда мәлімделген мәліметтердің анық емес екені туралы қорытындысы уәкілетті органның тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың күшін жоюына немесе тауардың шығарылған жері туралы декларацияны жарамсыз деп тануына алып келеді.

8. Верификациялаушы орган тексеру нәтижелері туралы ақпаратты осы тексеруге бастамашылық жасаған үшінші елдің құзыретті мемлекеттік органының атына, сондай-ақ өзіне қатысты тексеру жүргізілген тауарды иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығы бар уәкілетті органның және (немесе) тұлғаның атына жолдайды

8-бап

Тауардың шығарылған жері туралы құжаттар

1. Тауардың шығарылған жері туралы декларация тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттары және тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидаларында көзделген, осындай декларацияны ресімдеуге қойылатын, өздеріне сәйкес тауарлардың шығарылған жері туралы декларация ресімделетін талаптар ескеріле отырып ресімделеді.

2. Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты уәкілетті орган тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттарын және тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидаларында көзделген, осындай сертификатты толтыру нысаны мен тәртібіне қойылатын, өздеріне сәйкес тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілетін талаптарды ескере отырып береді.

3. Егер үшінші ел тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың нысанына қойылатын талаптарды белгілемесе немесе уәкілетті органының иелігінде осындай талаптар туралы ақпарат болмаса, осы Келісімге № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауардың шығарылған жері туралы сертификат беріледі, ол көрсетілген қосымшада көзделген талаптарға сәйкес толтырылады.

Егер тауардың шығарылған жері туралы сертификатты Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта немесе үшінші елдің заңнамасында белгіленген қағидалар негізінде беруге болмаса, уәкілетті орган тұлғаның өтініш жасауы негізінде және осы Келісімнің 5-бабында көзделген тауарлардың шығарылған жерін айқындау өлшемшарттары сақталған жағдайда, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауардың шығарылған жері туралы сертификатты бере алады.

Егер Одақтың кедендік аумағынан әкетілуі шеңберінде мүше мемлекеттердің кеден органдарына Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін растау үшін оларды осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес Комиссия белгілеген арнайы қағидаларға сай тауардың шығарылған жері туралы сертификат ресімделсе, мұндай тауардың шығарылған жері туралы сертификат, егер бұл осындай үшінші елдің заңнамасына қайшы келмесе, мұндай тауарларды үшінші елдің аумағына әкелу шеңберінде олардың шығарылған жерін растау қажет болған кезде осы тармақтың бірінші абзацында көзделген жағдайларда пайдаланылуы мүмкін.

4. Сыртқы экономикалық қызметті жүргізуді оңайлату және қағазсыз технологияларды дамыту мақсатында мүше мемлекеттер тауардың шығарылған жері туралы сертификаттаруы электрондық түрде беруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарды алу кезінде уәкілетті органдардың тұлғармен өзара іс-қимылының электрондық форматын қамтамасыз етуге ұмтылады.

9-бап

Тауарлардың шығарылған жерін дербес декларациялау жүйесін қолдану

Одақтың үшінші тараппен еркін сауда режимін белгілейтін халықаралық шартының негізінде немесе үшінші елдің тарифтік преференциялардың біржақты жүйесін қолдануы шеңберінде мүше мемлекеттер немесе Одақ тауарлардың шығарылған жерін дербес декларациялау жүйесін қолдануы мүмкін.

Осындай жүйелерді пайдалану арқылы мүше мемлекеттердің тұлғаларына мүше мемлекеттің заңнамасында және (немесе) Одақ құқығында белгіленген тәртіппен және шарттар сақталған кезде үшінші елде тарифтік преференциялар алу мақсаттары үшін тауарлардың шығарылған жерін дербес айқындау және растау құқығы беріледі.

10-бап

Тұлғалардың тауарлардың шығарылған жері туралы мәліметтерді бұрмалағаны үшін жауапкершілігі

1. Мүше мемлекеттер Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауардың шығарылған жері туралы декларацияда тауардың шығарылған жері туралы, тауарлардың шығарылған жерін анықтау өлшемшарттарын сақтау туралы мәліметтерді қасақана мәлімдегені және (немесе) уәкілетті органға анық емес және (немесе) толық емес мәліметтер ұсынғаны үшін өзінің заңнамасына сәйкес әкімшілік немесе өзгеше жауапкершілік шараларын қолданады.

2. Мүше мемлекеттер Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауардың шығарылған жерін сараптау актісін беруге, тауардың шығарылған жерін айқындауға және (немесе) тауардың шығарылған жерін куәландыруға жауапты уәкілетті органдардың лауазымды адамдарына қатысты, егер мұндай лауазымды адамдарға тауардың шығарылған жері туралы деректердің бұрмаланғаны немесе анық еместігі көрінеу белгілі болса, өзінің заңнамасына сәйкес әкімшілік немесе өзге де жауапкершілік шараларын қолданады.

11-бап

Өтпелі ережелер

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес бір мүше мемлекетте басқа мүше мемлекеттен шығарылатын, оның заңнамасына сәйкес кедендік әкету баждарының мөлшерлемелері белгіленген тауарларға қатысты төленуге жататын кедендік әкету баждарын есептеу және төлеу ерекшеліктерін айқындайтын Одақ

шеңберіндегі халықаралық шарт күшіне енгенге дейін осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес кедендік әкету баждарын қолдану мақсатында тауарлардың шығарылған жерін растау талап етілмейді.

2. Уәкілетті органдар осы Келісімнің 6-бабының 4-тармағында көрсетілген электрондық верификациялау жүйелерін осы Келісім күшіне енген күннен бастап 2 жылдан кешіктірмей құруды және пайдалануға енгізуді қамтамасыз етеді.

3. Осы Келісім күшіне енгізілген күннен бастап 3 жыл ішінде уәкілетті органдар осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағына сәйкес көзделген тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар нысанынан өзгеше нысан бойынша дайындалған, мүше мемлекеттерде пайдаланылатын тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар бланкілерін қолдануға құқылы. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттардың осындай бланкілерін толтыру осы Келісімге № 2 қосымшада көзделген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасындағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында өндірілген көмірсутек шикізатын қайта өңдеу саласындағы ынтымақтастық туралы екіжақты халықаралық шарттардың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары осындай қайта өңдеу нәтижесінде Ресей Федерациясында алынған тауарлардың шығарылған жерін айқындау кезінде осы Келісімнің 5-бабының ережелері көрсетілген шарттардың ережелерін ескере отырып қолданылады.

12-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

2. Мүше мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3. Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

13-бап

Келісімнің күшіне енуі

Осы Келісім депозитарий мүше мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны

дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2023 жылғы "4" желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайды.

Армения Республикасы
үшін

Беларусь Республикасы
үшін

Қазақстан Республикасы
үшін

Қырғыз Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы
үшін

Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағынан
әкетілетін тауарлардың
шығарылған жерін айқындаудың
үйлестірілген жүйесі туралы
келісімге
№ 1 ҚОСЫМША

Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беру

ТӘРТІБІ

1. Осы тәртіп Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауардың шығарылған жері туралы сертификат (бұдан әрі - сертификат) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың (бұдан әрі - тиісінше Одақ, мүше мемлекет, уәкілетті органдар,) оны беру қағидаларын айқындайды.

2. Сертификатты уәкілетті орган қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде береді.

3. Егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, сертификат беру жөніндегі нұсқаулықты (регламентті) уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. Уәкілетті орган көрсетілген нұсқаулықтың (регламенттің) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі өзінің ресми сайтында жариялануын қамтамасыз етеді.

4. Сертификатты уәкілетті орган мүдделі тұлғаның (Бұдан әрі - өтініш беруші) тауардың шығарылған жерін айқындау және сертификатты куәландіруға қажетті құжаттар (Бұдан әрі - растайтын құжаттар) қоса берілген өтініші негізінде береді.

5. Өтінішті және растайтын құжаттарды қарау процесінде уәкілетті орган тауарды қарау және (немесе) оның өндірісімен танысу үшін өз өкілдерін тауардың орналасқан жеріне және (немесе) өндірілген жеріне жіберуге құқылы.

6. Өтініште және растайтын құжаттарда көрсетілген мәліметтердің анықтығы үшін өтініш беруші жауапты болады.

7. Егер Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта, Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінде немесе өзінің аумағына осындай тауарларды әкелу болжанатын үшінші елдің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, сертификат тауардың жеке партиясына немесе сериялап шығарылатын тауарға ресімделеді.

Тауар партиясы деп бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының атына бір уақытта бір немесе бірнеше тауар тасымалдау құжаттары бойынша жөнелтілетін тауарлар түсініледі.

Егер Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің үшінші тараппен халықаралық шартында, барлық мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шартта, Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерінде немесе өзінің аумағына тауар әкелу болжанатын үшінші елдің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, сертификаттың қолданылу мерзімі ішінде өзгермейтін өндірістік процесс шеңберінде мүше мемлекеттің бір өндірушісі жүзеге асыратын тауар өндірісі тауарды сериялап шығару деп түсініледі.

8. Сертификатқа тіркеу нөмірі беріледі, оны қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

9. Сертификаттың көшірмесі және растайтын құжаттар сертификат берген уәкілетті органда сертификат берілген күннен бастап кемінде 3 жыл сақталады.

10. Сертификат өтініш берушінің құжаттарды растайтын өтінішінің және мынадай құжаттардың:

а) тауар Одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетілген жағдайда - тауар оны Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетуді көздейтін кедендік рәсіммен орналастырылған кедендік декларация көшірмесінің;

б) тауар мүше мемлекеттердің аумақтары арасында өткізілететін -жағдайда - тауар мүше мемлекеттердің аумақтары арасында өткізілетін тауарға ілеспе немесе көлік құжаттарының көшірмелері негізінде тауар әкетілгеннен кейін берілуі мүмкін.

11. Сертификат жоғалған немесе Бүлінген жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушінің сертификаттың телнұсқасын беру қажеттілігінің себептерін көрсететін өтініші негізінде оның телнұсқасын бере алады.

12. Уәкілетті орган сертификатқа қате мәліметтердің енгізілгені туралы не өтініш берушінің жарамсыз құжаттарды және (немесе) анық емес мәліметтерді ұсынғаны туралы ақпараттың негізінде сертификаттың күшін жоюы мүмкін.

13. Қандай да бір себептермен күші жойылған сертификаттың орнына не бұрын берілген сертификатты қайта ресімдеу қажет болған жағдайда, өтініш берушінің өтініші негізінде сол нысан бойынша жаңа сертификат берілуі мүмкін.

14. Мүше мемлекеттің аумағынан үшінші елден немесе басқа мүше мемлекеттен шығарылатын тауарды әкеткен жағдайда, мынадай шарттар сақталған кезде:

1) мүше мемлекеттің аумағында тауарларға тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды және партияны ұсақтауды, жөнелтілімдерді қалыптастыруды, сұрыптауды, қаптауды, қайта қаптауды және таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға (көлікпен тасымалдауға) дайындау бойынша әдеттегі операцияларды қоспағанда, қандай да бір операциялар жасалмаса;

2) келесі құжаттардың біреуінің:

мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттен шығарылатын тауар әкетілген жағдайда:

мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сертификаттың;

мүше мемлекеттің өндірушісі, сатушысы немесе жөнелтушісі ресімдеген тауардың шығарылған жері туралы декларацияның;

мүше мемлекеттің аумағынан үшінші елден шығарылатын тауар әкетілген жағдайда

:

осындай тауар шығарылатын немесе осындай тауар Одақтың кедендік аумағына әкетілген үшінші елдің уәкілетті органы берген сертификаттың;

осындай тауар шығарылған немесе осындай тауар Одақтың кедендік аумағына әкетілген үшінші елдің өндірушісі, сатушысы немесе жөнелтушісі ресімдеген тауардың шығарылған жері туралы декларацияның;

осындай тауар оны Одақтың кедендік аумағына әкелуді көздейтін кедендік рәсіммен орналастырылған кедендік декларацияның түпнұсқасы немесе көшірмесі болса, осындай үшінші елді немесе мүше мемлекетті тауар шығарылатын ел ретінде көрсете отырып, сертификат (бұдан әрі - ауыстырылатын сертификат) беруге жол беріледі.

Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартында, мүше мемлекеттің үшінші тараппен халықаралық шартында немесе барлық мүше мемлекеттер қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта ауыстырылатын сертификат берудің өзгеше шарттары белгіленуі мүмкін.

15. Егер ауыстырылатын сертификатты беру Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылатын жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімнің 4-бабында көзделген жағдайларда жекелеген реттеу шараларын бақылау мақсаттары үшін жүзеге асырылса, мұндай ауыстырылатын сертификатты беруге көрсетілген Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия белгілейтін тауарлардың шығарылатын жерін айқындаудың арнайы қағидаларында көзделген шарттар сақталған кезде жол беріледі.

Еуразиялық экономикалық
одақтың кеден аумағынан
әкетілетін тауарлардың
шығарылған жерін айқындаудың
үйлестірілген жүйесі
туралы келісімге
№ 2 ҚОСЫМША

Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың нысаны

және тауардың шығарылған жері туралы сертификатқа қойылатын талаптар

I. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың нысаны

1. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың орыс тіліндегі нысаны

1. Грузоотправитель/экспортер (наименование и адрес)		4. № _____	
2. Грузополучатель/импортер (наименование и адрес)		Сертификат о происхождении товара	
		Выдан в _____ — (наименование страны)	
		Для предоставления в _____ — (наименование страны)	
3. Вид транспорта и маршрут следования (насколько это известно)		5. Для служебных отметок	
6. №	7. Количество мест и вид упаковки	8. Описание товара	9. Количество товара
10. Удостоверение Настоящим удостоверяется на основе проведенного контроля, что декларация заявителя соответствует действительности		11. Декларация заявителя Нижеподписавшийся заявляет, что вышеприведенные сведения соответствуют действительности, все товары происходят из _____ (наименование страны)	

2. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың қосымша парағының орыс тіліндегі нысаны

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ЛИСТ СЕРТИФИКАТА № _____ о происхождении товара			
6. №	7. Количество мест и вид упаковки	8. Описание товара	9. Количество товара
10. Удостоверение		11. Декларация заявителя Нижеподписавшийся заявляет, что вышеприведенные сведения соответствуют действительности, все товары происходят из и отвечают требованиям происхождения,	

Настоящим удостоверяется на основе проведенного контроля, что декларация заявителя соответствует действительности Подпись Дата Печать	установленным в отношении таких товаров (наименование страны) Подпись Дата Печать
--	--

3. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың ағылшын тіліндегі нысаны

1. Consignor/exporter (name and address)		4. № _____	
2. Consignee/importer (name and address)		CERTIFICATE OF ORIGIN Issued in _____ (country) For submission to _____ (country)	
3. Means of transport and route (as far as known)		5. For official use	
6. №	7. Number and kind of packages	8. Description of goods	9. Quantity of goods
10. Certification It is hereby certified, on the basis of control carried out, that the declaration by the applicant is correct Signature Date Stamp		11. Declaration by the applicant The undersigned hereby declares that the above details are correct, that all goods are originating in _____ (country) and comply with the origin requirements specified for those goods Signature Date Stamp	

4. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың қосымша парағының ағылшын тіліндегі нысаны

ADDITIONAL SHEET OF CERTIFICATE OF ORIGIN № _____			
6. №	7. Number and kind of packages	8. Description of goods	9. Quantity of goods
10. Certification It is hereby certified, on the basis of control carried out, that the declaration by the applicant is correct Signature Date Stamp		11. Declaration by the applicant The undersigned hereby declares that the above details are correct, that all goods are originating in _____ (country) and comply with the origin requirements specified for those goods Signature Date Stamp	

II. Тауардың шығарылған жері туралы сертификатқа қойылатын талаптар

1. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (бұдан әрі - сертификат) бланкісі осы құжатта белгіленген нысан бойынша механикалық немесе химиялық тәсілмен бұрмалаудан қорғауды қамтамасыз ететін қорғаныс суретін және өзге де құралдарды қолдана отырып, А4 (210 x 297 мм) форматындағы қағазда типографиялық тәсілмен дайындалады.

2. Сертификат орыс немесе ағылшын тілінде баспа тәсілімен (төменде көрсетілген жекелеген белгілемелерді қоспағанда) толтырылады. Айрықша жағдайларда өтініш берушінің өтініші бойынша және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі - тиісінше Одақ, мүше мемлекет) заңнамасына сәйкес сертификаттар беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік органда немесе ұйымда (бұдан әрі - уәкілетті орган) мұндай мүмкіндік болған кезде сертификат басқа тілде толтырылуы мүмкін.

3. Сертификаттың сыртқы жағын толтыруға жол берілмейді.

4. Сертификатта сертификат бланкісінің бірегей нөмірі болуға тиіс, оны қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Сертификатта уәкілетті орган кодталған түрде енгізетін қосымша мәліметтер (QR-код, URL-мекенжайы және т.б.) болуы мүмкін.

6. Сертификатта өшірулердің, жөндеудің және расталмаған түзетулердің және (немесе) толықтырулардың болуына жол берілмейді. Айрықша жағдайларда, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, сертификатқа қате ақпаратты сызып тастау және түзетілген мәліметтерді басып шығару немесе қолмен енгізу арқылы енгізілетін және сертификат берген лауазымды адамның қолымен және уәкілетті органның мөрімен куәландырылатын түзетулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7. Сертификаттың 6-9-бағандарында, сондай-ақ оған қосымша парақтарда пайдаланылмай қалған орын қандай да бір қосымша мәліметтер енгізуді болдырмау мақсатында сызылып тасталуы мүмкін.

8. Осы құжаттың 1, 3, 4, 6 және 7-тармақтарының талаптарын сақтау сертификат қағаз жеткізгіште берілген кезде ғана қамтамасыз етіледі.

9. Сертификат тауардың жеке партиясына немесе сериялап шығарылатын тауарға ресімделеді.

10. Сертификатта:

1) 1-бағанда - жүк жөнелтушінің (экспорттаушының) атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы көрсетіледі.

Егер жүк жөнелтуші мен экспорттаушы әртүрлі заңды (жеке) тұлғалар болса, жүк жөнелтуші (атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы) экспорттаушының (атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы) "тапсырмасы бойынша" ("on behalf of") әрекет ететіні көрсетіледі.

Бағанда тауарды Одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетуге байланысты тауарға ілеспе құжаттарда (сыртқы сауда шарты, шот-фактура (инвойс) және т.б.) қамтылған жүк жөнелтушінің және экспорттаушының дәл сол атауы (тегі, аты-жөні) мен мекенжайы көрсетіледі.

Сериялап шығарылатын тауарға сертификат ресімделген жағдайда бағанда тауар өндірушінің атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы көрсетіледі;

2) 2-бағанда - жүк алушының (импорттаушының) атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы көрсетіледі.

Егер жүк алушы мен импорттаушы әртүрлі заңды (жеке) тұлғалар болса, жүк алушы (атауы (тегі, аты-жөні) және мекен-жайы) импорттаушының (атауы (тегі, аты-жөні) және мекенжайы) "тапсырмасы бойынша" ("on behalf of") әрекет етеді деп көрсетіледі.

Бағанда тауарды Одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетуге байланысты тауарға ілеспе құжаттарда (сыртқы сауда шарты, шот-фактура (инвойс) және т.б.) қамтылған жүк алушының және импорттаушының дәл сол атауы (тегі, аты-жөні) мен мекенжайы көрсетіледі.

Баған:

егер жүк алушы (импорттаушы) туралы мәліметтер болмаса;

сериялап шығарылатын тауарға сертификат ресімделген жағдайда толтырылмауы мүмкін.

Егер жүк алушы (импорттаушы) туралы мәліметтер болмаса, бағанда "тапсырыс бойынша" ("to order") деген жазу да жазылуы мүмкін.

3) 3-бағанда - көлік түрі және тауардың жүру бағыты (белгілі болғандай) көрсетіледі.

Баған:

егер көлік түрі мен тауардың жүру бағыты белгісіз болса;

сериялап шығарылатын тауарға сертификат ресімделген жағдайда толтырылмауы мүмкін;

4) 4-бағанда - сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификат берілетін мүше мемлекеттің толық немесе қысқартылған атауы, оған ұсыну үшін сертификат берілетін елдің толық немесе қысқартылған атауы;

5) 5-бағанда - арнайы белгілер (қажет болған жағдайда) көрсетіледі.

Жоғалған немесе бүлінген сертификаттың орнына сертификаттың телнұсқасын берген жағдайда "Телнұсқа" ("Duplicate") деген жазу жазылады.

Тауар жөнелтілгеннен кейін сертификат берілген жағдайда "Кейіннен берілді" ("Issued retroactively") деген жазба жазылады.

Сертификаттың күші жойылған немесе оны қайта ресімдеу қажет болған жағдайда күші жойылған (қайта ресімделген) сертификаттың нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, "Орнына берілді" ("Issued instead") деген жазу жазылады.

Басқа мүше мемлекетте немесе үшінші елде (тауар шығарылатын елде немесе әкетілетін елде) тауарға берілген (ресімделген) тауардың шығарылған жері туралы құжат негізінде сертификат берілген жағдайда осындай құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, "Негізінде берілген" ("Issued on the basis") деген жазу жазылады.

Сериялап шығарылатын тауарға сертификат ресімделген жағдайда мұндай сертификаттың қолданылу мерзімі кк.аа.жж. форматында (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) (мысалы, "05.05.22 дейінгі сериялап шығарылатын тауарға арналған сертификат" ("Certificate for series-produced goods until 05.05.22")) көрсетіле отырып, бағанда "дейінгі сериялап шығарылатын тауарға арналған сертификат" ("Certificate for series-produced goods until") деген жазу жазылады.

Бағанда өзге де қажетті ақпарат көрсетілуі мүмкін;

6) 6-бағанда - әрбір тауардың алдынан сол тауардың реттік нөмірі (бір сертификатта бірнеше тауар туралы мәліметтер мәлімделген жағдайда);

7) 7-бағанда - орындар саны және қаптама түрі туралы деректер көрсетіледі.

Сериялап шығарылатын тауарға арналған сертификат ресімделген жағдайда баған толтырылмайды;

8) 8-бағанда - тауарды сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін оның сипаттамасы, тауардың коммерциялық атауы және тауар туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Егер сертификатта тауарларды сипаттауға орын жеткіліксіз болса, қосымша парақтар қолданылады. Мұндай қосымша парақтар сертификат берген лауазымды адамның қолтаңбасымен және уәкілетті органның мөрімен куәландырылуға тиіс. Қосымша парақтарда осындай қосымша парақтар қоса берілетін сертификаттың тіркеу нөмірі көрсетілуі керек.

Сертификатқа қосымша парақтар ретінде шот-фактураны (инвойсты), келісімшартқа ерекшелікті немесе тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін оның сипаттамасын және тауар туралы өзге де мәліметтерді қамтитын тауарға ілеспе құжатты пайдалануға жол беріледі. Мұндай құжаттар сертификат берген уәкілетті органның мөрімен куәландырылуға тиіс.

Сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште ресімделмей, сертификат электрондық түрде ресімделген жағдайда қосымша парақтарды (тауарға ілеспе құжаттарды) уәкілетті органның мөрімен және осы уәкілетті органның лауазымды адамының қолтаңбасымен куәландыру туралы талаптардан бас тартуға жол беріледі.

8-бағанда шот-фактураның (инвойстың), келісімшартқа ерекшеліктердің немесе тауардың қаржылық және (немесе) сандық параметрлерін көрсететін өзге де тауарға ілеспе құжаттың нөмірі мен күні көрсетілуі мүмкін. Көрсетілген құжаттарды сертификатқа қосымша парақтар ретінде пайдаланған жағдайда олардың нөмірлері мен күндерін көрсету міндетті болып табылады.

Егер сертификатта әртүрлі елдерден шығарылатын бірнеше тауар туралы мәліметтер көрсетілсе, бағанда мұндай тауарлардың шығарылған жері туралы мәліметтер келтіріледі. Бұл ретте 11-бағанның жоғарғы жолында "8-бағанды қараңыз" ("See box 8") деген жазу жазылады;

9) 9-бағанда - тауардың брутто және (немесе) нетто салмағы және (немесе) тауардың өзге де сандық сипаттамалары көрсетіледі.

Сериялап шығарылатын тауарға арналған сертификат ресімделген жағдайда баған толтырылмайды;

10) 10-бағанда - сертификаттың берілген күні мен орны туралы деректер және сертификатты берген уәкілетті органның атауы мен мөрі, сондай-ақ көрсетілген органның лауазымды адамының қолы қойылады.

Мөр бедерінде уәкілетті органның толық атауы туралы деректер болған жағдайда мұндай мәліметтерді қосымша көрсету талап етілмейді.

Мөрде қажет болған жағдайда оның төлнұсқалылығын сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нақты бедер болуға тиіс.

Сертификаттың берілген күнін баспадан басқа тәсілмен көрсетуге жол беріледі.

Уәкілетті органның лауазымды адамының қолтаңбаны сертификаттың төлнұсқалылығын растайтын қосымша ақпарат ретінде қаралады.

Сертификат осы сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште ресімдемей электрондық түрде ресімделген жағдайда, бағанда уәкілетті органның мөрі бедерінің және осы уәкілетті органның лауазымды адамының қолтаңбасының болуы туралы талаптардан бас тартуға жол беріледі.

11) 11 -бағанда:

жоғарғы жолда - тауар шығарылған елдің атауы;

төменгі жолда - өтініш берушінің (өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының) қолы, сертификаттың толтырылған күні және мөр (бар болса) көрсетіледі.

Сертификаттың толтырылған күнін баспа тәсілінен басқа тәсілмен көрсетуге жол беріледі.

Сертификат осы сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште ресімдемей электрондық түрде ресімделген жағдайда, бағанда мөр бедерінің және өтініш берушінің (өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының) қолтаңбасының болуы туралы талаптардан бас тартуға жол беріледі.

11. Егер сертификат беру Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімнің 4-бабында көзделген жағдайларда жекелеген реттеу шараларын бақылау мақсаттары үшін жүзеге асырылса, сертификат көрсетілген Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия белгілейтін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың арнайы қағидаларында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

Осымен 2023 жылғы 4 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі*

А. Шаққалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК